# Мейірімділік пен жомарттық айы

К.Мыңбаев атындағы ауылдық балалар кітапханасында дінге, салт-дәстүрге жүгіне отырып, эстетика-этика, имандылық, сенім




мен төзім, тазалық туралы бала зердесіне ғибрат ету мақсатында «Мейірімділік пен жомарттық айы» атты іс-шара өткізілді. Онда оқушыларға бес парыз намаз, қасиетті рамазан айы, ораза ұстау, құрбан айт туралы түсініктер берілді.

Біздің халқымыз ежелден рамазанды ерекше қастерлеп, он екі айдың сұлтаны деп атаған. Күнтізбе бойынша «Мейірімділік пен жомарттық айы» атты ораза айы туралы ауылымыздың имамымен шолу өткізілді. Бұл шолуда оқушылар көп нәрселерді білді. Іс-шара соңында игі тілектер айтылды.

**Б.М. Белиспаева**
**К.Мыңбаев ауылының балалар кітапханашысы**